

### Хаттамасы № 3

Күні: 29.10.2025 жыл

Қатысқандар: Г.С.Алиева - құқықтық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, А.Каєпов – төраға орынбасары, ТІЖО, Д.Арингазина – мектеп психологі, А.Жумабаєва – әлеуметтік педагог, Л.Жумабаєва – мед.бике, Г.Камсаєва – Қосшы қаласы кәселетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, Умарова Ж – мектеп парламенті президенті.

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу.
2. Тайтөбе ауылының учаскелік полиция инспекторы Ренат Рахимұлымен кездесу

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары А.Каєпов сөз алды. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Дегенмен тәрбиесі мол «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, занды құрметтеп, тыныш жүрсе, одан ешкім де ұтылмайды деп есептеймін.

2024-2025оқу жылының қыркүйек- қазан айларында облыс әкімдігінен бекітілген Қызылорда облысының білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алуды түсіндірудің бірлескен жұмыс кестесіне сәйкес оқушыларға «Құқықтық сауаттылық- уақыт талабы» түсіндірме жұмысы, психологиялық көмектер беру, қолдау көрсету және спорт секцияларына, үйірме жұмыстары қатыстыру шаралары жасалды. Сонымен бірге оқушылардың сабаққа күнбе күн қатысуын кезекшілер тарапынан қадағаланып отырады.

Әр аптаның сенбі, жексенбі күндері «Түнгі ауылдағы балалар» рейд жұмыстары, барлық сынып жетекшілер қоғамдық жерлердегі, көшедегі мектептегі, үйдегі балалардың тәртіптері туралы ата-аналарымен тығыз байланыс жасап отыратындығы туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Тайтөбе ауылының учаскелік полиция инспекторы Ренат Рахимұлы сөз алды.

Оқушыларға құқықтық заңдылықтарды түсіндіре келе, кәмелетке толмағандардың көлік басқаруына, кешкілік көшеге шығуы, ұсақ ұрлыққа баруына заң аясында шара көрілетінін ескертті. Сырт жерлерге шығарда ата-анасыз жүрмеуін, жекелей жүргенде танымайтын өзге адамдар көлігіне мінбеуін, жеке таратпаларды алмауын, интернет ойындарына бармауын ескертіп болған жағдайда ата-анаға айыппұл салынып, оқушының есепке алынатынын қатаң ескертті. Алдағы мерекелік күндерінде топтық қыдыруға, әлімжеттік жасау, бопсалау оқушы арасындағы осындай жат әрекеттерге жол бермеуін қатаң ескертті. Оқушыларымыздың арасында шылымқорлық, уытқұмарлық жоқ екендігі қуантатын жағдай бірақ ескертіп түсіндіру, қадағалау міндетіміз. Алдағы уақытта шағын ауыл болса да ата-анамен баламен мектеп тығыз байланыс жасап бала қадағалаусыз қалмау үшін жұмыс жасалу керек екенін айтып өтті.

**Шешім:**

1. Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары қадағаланып жүргізілсін.
2. Арал аудандық полиция бөлімшесімен үнемі байланыста болуы қадағалансын.

Кеңес хатшысы:  Н.Жакыбаєва